

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАНЫ ТАЛДАУ
(10-11 сынып бойынша)

Орал 2023

Құрастырғандар: Габдуллина З.Д.,
Вальдорф бағытындағы мектеп-гимназияның қазақ тілі
мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші.
Ражанова А.К.,
№48 ЖОББМ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
педагог-зерттеуші.

Пікір беруші: Султаниязова И.С.,
М.Өтемісов атындағы БҚУ профессоры, PhD доктор
Жубашева Б.Е.,
Вальдорф бағытындағы мектеп-гимназиясы
директорының бірінші біліктілік санатты әдістемелік ісі
жөніндегі орынбасары.

Оқу құралында соңғы жылдары әдебиеттану саласында кең қарастырылып жүрген көркем мәтінді талдау мәселелері сөз етіледі.

«Көркем шығарманы талдау (10-11 сыныптар бойынша)» еңбегінің алдына қойған мақсаты – әдіскер-ұстаздар мен мектеп оқушыларына көркем мәтін мәніне терең бойлауға, әдебиетті зерттеу әдістерін меңгеруге, мәтін ішінен автор мен кейіпкер боямысын тануға жәрдемдесу, көркем шығарманы жете түсіне білуге және жан-жақты қабылдауға бағыт-бағдар беру.

Бұл оқу құралы мектеп ұстаздарына, жоғары сынып оқушыларына арналған.

МАЗМҮНІ

1. Түсінік хат	3
2. Әдеби шығарманы талдау принциптері	5
3. «Көркем шығарманы талдау (10-11 сыныптар бойынша) факультативтік курс бағдарламасы	9
4. 10-11 сыныпқа арналған жаңартылған бағдарлама орта мерзімді сабақ жоспары	12
5. Сабақ жоспары	20
6. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	112

ТҮСІНІК ХАТ

Мәтін – бұл тілдің барлық деңгейлеріндегі бірліктердің – дыбыстан бастап сөйлемге дейінгі бірліктердің барлығының жүзеге асатын қызмет орны болып табылады. Алайда мәтін тек өзге тіл бірліктері үшін қызмет ортасы, контекст ретінде қарастырылмауы керек. Сондай-ақ ол тіл білімінің тек бір саласына, мысалы, синтаксиске ғана қатысты ұғым емес, ол жан-жақты әрі терен, кешенді талдаулар арқылы танылатын күрделі сөйлеу бірлігі болыптабылады. Көркем мәтіннің өзге бірліктерден жоғары тұрған сөйлеу бірлігі ретіндегі мәртебесі XX ғасырдың орта шенінде ғылыми тұрғыдан мойындала бастап, мәтін лингвистикасының қалыптасуына ықпал етті. Көркем мәтінді зерттеуге қатысты ізденістер жаңа қарқын алып, мәтінді зерттеудің бағыттары іштей ажыратыла бастады.

Көркем мәтін психолингвистиканың, когнитивтік лингвистиканың, гендерлік лингвистиканың, этнолингвистиканың, функционалды грамматика мен қытысымдық тіл білімінің және әдебиетшілердің т.б. зерттеулерімен жан-жақты толықты. Қазіргі кездегі тілдік ғылыми ой-сананың дамуындағы жаңа үрдістердің – экспансионизм (бірнеше ғылымдардың тоғысуы арқылы жаңа «қосарланған» ғылымдардың пайда болуы) мен антропоцентризмнің («тілдегі адамды» жан-жақты тануға бағытталған), функционализм (тілдің қолданысын, қолданыс барысындағы мағынасын зерттеуге бағытталған) мен экспланаторлық зерттеулердің нысанына айналды.

«Көркем шығарманы талдау (10-11 сыныптар бойынша)» тақырыбында құрастырылған көркем мәтінді талдауға арналған тапсырмалар жинағы қазақ әдебиеті пәнінің маңызын, оқушыға әдебиеттен білім берудің, көркем шығармаларды, поэзиялық, прозалық шығармаларды меңгертудің жолдарын үйрететін әдіс-тәсілдерден тұратын тапсырмалар жиынтығын қамтиды. Мұғалім әдебиеттен теориялық білім беру арқылы оқушының өзін қоршаған ортаға көзқарасын қалыптастырады, Отанына шын берілген нағыз патриот, азамат етіп тәрбиелейді. Ондай дағды мен білік, тәрбие беру әдебиет пәніндегі көркем шығармаларды оқу жұмыстарын дұрыс жүргізу арқылы іске аспақ.

Әдебиет қашанда адамның эстетикалық танымын арттырады, өнер туындысындағы, табиғатты, адамдар арасындағы жарасымдылық пен әсемдікті түйсіне білуге жетелейді, адам және дүниесіне ізгілік шуағын төгетін көркемдік пен сұлулықтың күретауыры – талғампаздыққа тәрбиелейді. Ендеше өмір танудың ерекше құралдарының бірі – көркем әдебиетке деген жасөспірімдердің ынта-ықыласын мектеп қабырғасынан ояту керек. Мектепте өнерді сезінуге, сүйуге, одан ләззат алуға және бағалай білуге мұғалімдер қауымы баулиды.

Оқу құралында көркем мәтінді талдау барысында оның ішкі мәніне ене, қалтарыс-астарын түсіне білудің жолдарын, тиімді әдістерін жүйелеп, түрлі жанрлардағы шығармаларды талдау үлгілері ұсынылды. «Әдеби шығарманы талдау принциптері» атты бірінші бөлімде мәтін талдаудың жалпы проблемасына, оның методологиясына, түрлі жолдары мен үлгілеріне қатысты мәселелер қарастырылды. Екінші «Көркем шығарманы талдау (10-

11 сыныптар бойынша)» факультативтік курс бағдарламасы және үшінші 10-11 сыныпқа арналған жаңартылған бағдарлама орта мерзімді сабақ жоспары атты бөлімдерде нақты шығармалардағы образдар жүйесін, автор болмысы мен кейіпкердің ішкі жан әлеміне үніле отырып ой сабақтау үлгілері ұсынылды. Шығармадағы көркем мәтіннің негізгі идеясын жеткізуші образдар, авторлық позициясы, жазушы шеберлігі, түрлі детальдар мен оқиғалардың өзіндік сыры, ішкі құпиясы сынды мәселелер проблемалық сипатта талданып көрсетілді.

Оқушылардың білімдерін танымдық тапсырмалармен толықтыруды және оларға баға беру арқылы тілдерін дамытуға деген қызығушылықтарын арттырып, оқушыларды патриотизмге, ұлтжандылыққа, адалдыққа, ізгілікке, адамгершілікке тәрбиелеуге бағытталған. Қазақ әдебиетіміздің қыр-сырын тану, тілімізге зор құрметпен қарау, өз елінің әдебиетінің дәрежесін асқақтата беру үшін мектеп оқушыларына бұл жинақтың қажеттілігі анық.

Бағдарлама мақсаты. Көркем мәтін мәніне терең бойлауға, шығарманы көркемдік сипатын зерттеу әдістерін меңгеруге, мәтін ішінен автор мен кейіпкер болмысын тану, көркем шығарманы жете түсіне білуге және жан-жақты қабылдауға бағыт-бағдар беру.

Бағдарлама міндеттері:

- көркем мәтін мазмұны мен пішінінің бірлігі басшылыққа ала отырып, талдаудың тәсілдерін, жолдарын үйрету;
- көркемдік бірліктің тарамдалуы мен олардың одан әрі синтезденуі және тұтастығы құрылым заңдылықтарын ұғыну;
- жазушылардың шығармашылық дүниетанымын, өнер табиғатына деген әлеуметтік көзқарас, тарихилық принципін талдау;
- көркем мәтінді жан-жақты толыққанды әдеби принциптерге сүйене отырып талдауға машықтандыру.

Бағдарлама ерекшелігі. Білім беру мазмұны мен формасының, құрылымдарының өзгеруіне байланысты орта оқу орындарындағы барлық пәндерді оқытудың әдістемелік жолдарын арнайы қарастыру бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып табылады. «Көркем шығарманы талдау» бағдарламасының өзіндік жетістігі – практикалық құндылығында екенін айту керек. Мектеп бағдарламасындағы 10-11 сынып оқулықтарындағы қазақ поэзиясы мен прозасының алғашқы үлгілерінен бастап, кейінгі классикалық туындылардағы олардың тілдік өрнектерінің жалғастығын көрсету, сюжет пен композициялық ерекшеліктерін, көркемдік сипаттарын айқындау бағдарламада басшылыққа алынды.

Күтілетін нәтижелер:

- Көркем туындыларды жүйелі сюжеттік-композициялық талдай алады;
- Мәтіндегі авторлық болмыс пен кейіпкерлер образын талдаудың тәсілдерін, жолдарын үйренеді;
- Көркемдегі құралдардың жұмсалып принциптері мен құрылым заңдылықтарын ұғынады;
- Жазушылардың шығармашылық дүниетанымын, өнер табиғатына деген әлеуметтік көзқарас, тарихилық принципін талдайды.

ӘДЕБИ ШЫҒАРМАНЫ ТАЛДАУ ПРИНЦИПТЕРІ

Ана тіліміздегі әдебиет деген сөздің түп төркіні арабша атаудан шыққанын – сөз, асыл сөз деген мағынасы бар екенін, орысша литература деген атаудың латын сөзі (littera) – әріп, жазу, сызу деген мағынада қолданылатынын білеміз. Әдебиеттанушы Ахмет Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» [1] еңбегінде алғаш өнердің бес түрін (сәулет, сымбат, кескін, әуезе, сөз) бөліп көрсетіп, осылардың ішінде ең құнарлы да мәнерлі өнер – сөз өнерін барлық өнер түрлерінің ішіндегі асылы деп көрсетеді.

Әдебиеттану – сөз өнерін зерттейтін ғылым. Әдебиеттану әдебиеттің табиғатына тән қағидалар мен түсініктерді қамтиды. Оларды жеке негізгі үш саласы арқылы зерттеп, зерделейді. Әдебиеттің негізі салалары: әдебиет тарихы, әдебиет теориясы, әдебиет сыны. Әр саласы өзінің зерттеу нысаны мен зерттеу тәсілдеріне жіктеледі.

Біздің қарастырып отырған көркем шығарманы талдау мәселесі әдебиет теориясы саласында қарастырылады. Әдебиетті жанрлық жағынан, жеке авторлардың көркемдік ерекшеліктерін, шығармашылық жолы, стилдік ерекшеліктерін қарастырып жүрген монография, зерттеу еңбектері шыққанымен, көркем мәтінді белгілі мақсатқа бағытталған түрлі оқиға, суреттеме, кейіпкерлер диалог, монолог маңызын, портреттік, пейзаждық сипаттардың атқарып тұрған қызметін анықтауға арналған еңбектер аз. Т.Ақшұлақовтың «Көркем шығарманың эстетикалық табиғатын таныту» [2], «Көркем шығармаға талдау жасау» [3], Б.Смановтың «Кейіпкер бейнесін талдау» [4] сынды кітаптар, мұғалімдерге арналған әдістемелік құрал, оқытудың тиімді жолдарын ұсынатын Қ.Бітібаева, Ә.Дайырованың, С.Тілешованың, Н.Сарғажасовтың еңбектері тақырып маңыздылығын дәлелдеді.

Әдебиеттану методологиясында күрделі әрі маңызды мәселенің бірі – мазмұн мен пішіннің бірлігі басшылыққа ала отырып, талдаудың тәсілдерін, жолдарын табу, көркемдік бірліктің тарамдалуы мен олардың одан әрі синтезденуі және тұтастығы құрылым заңдылықтарын ұғыну болып табылады. Осы ретте мазмұн мен пішін бірлігі, жазушының әдіс-тәсілі мен дүниетанымына байланысы, өнер табиғатына әлеуметтік көзқарас, тарихилық принципті сияқты т.б. талдаудың методологиялық принциптері негізгі мәнге ие болатынын естен шығармау керек.

Әдеби талдаудың тәжірибесінде методология мен қатар, талдау әдісінің (методика) да үлкен рөл атқаратыны рас. Талдау әдісі – бұл әдеби талдаудың ғылыми негізделген түрлі жолдары және тәсілдерін іздестірумен айналысатын білім саласы.

Жалпы алғанда, талдау және оның ішінде әдеби талдау дегеніміздің өзі не? Талдау сөзінің ең алғашқы терминологиялық мағынасы – зат пен құбылысты аңғарып танып білу жолдарының бір көрінісі. Танып білудің мұндай жолы зерттеліп отырған пәнінің құрамдас бөліктерге немесе оны мүшелеп бөлу кезінде белгілі болады. Мұндай құбылыстың көркем

шығарманың қатысы, көркемдік құбылыстың ерекшелігі мен мәніне қатысы онша қолайлы бола бермейді. Өйткені көркем дүние міндетті түрде тұтастық сапада көрінеді. Көркем шығарманы зерттеп біле отырып, ол қалай және қандай амал-тәсілмен жазылса да, оның көркемдік тұтастығын әрқашан ой-санамызда берік ұстауға тиіспіз. Көркем шығарманың кез-келген ең шағын деталін, оның кез-келген құрамдас бөлігін қарастыра аламыз. Ал бұл негізінде әдеби шығарманы ғылыми зерттеу кезінде үнемі ойда болатын тұтастықты терең әрі толық түсінудің бір тиімді жолы деп ұғынуымыз керек.

Осылайша, кез-келген әдеби талдау өзінің табиғатында негізінен тұтас талдау болу керек. Тұтастық – бұл талдаудың ерекше жолы емес және ерекше үлгісі де емес, оның шарты мен тектік белгісі. Әдеби талдау өзінің нағыз, дұрыс мағынасында – әдеби шығарманы әр түрлі (шығарма тақырыбы, идеясы, образдар жүйесі, авторлық позициясы т.б.) бөліктер мен бөлшектерге бөлу емес, алайда тек қана осылай талдау шығарманы терең түсініп білуге көмектеседі.

Суреткер ойы шығармада бірінші сатыда көрініп тұрмайды, негізінен қалтарыста, тереңде «жасырынып жатады». Мәтіндік талдау жасай отырып, біз суреткердің ой-мақсатының есігін ашуға тырысамыз. Сондай-ақ шығарманың терең ой-түйініне бойлауға ұмтыламыз. Талдау байқалмағанды байқауға, ашылмаған сырды ұғуға, жалпы оқырманға түсініксізді түсіндіруге жәрдемдеседі.

Тұтас талдау қажеттілігін айтқан кезде арасына қол сұғуға болмайтын көркемдік бірлікті толық сақтай отырып талдау мүмкін еместігін де түсінуіміз керек. Жалпы әдеби құбылысты құрастыра отырып, талдау кезінде болмай қоймайтын, осы суреткер үшін, осы шығарма үшін айрықша мәнді деген тұстарына саналы түрде назар аударамыз. Кей уақытта тұтас талдауда ауытқығандай болып көрінетін кез-келген образды, образдар жүйесін, стиль, тілдік ерекшелік т.б. сипаттарды қарастыратынымыз бар. Алайда шын тұтас талдау кезінде мұндай ауытқу абсолютті болып саналмайды.

Тұтас талдау іс-тәжірибеде алуан түрде көрініс табуы мүмкін. Айталық, кейде талдауды мәтіндегі шағын, жеке элементтер (эпитет, метафора, тенеу т.б.) жүйесіне құруға болады. Бұл жағдайда да тұтас шығарма туралы ой қорытуға келіп жетеміз. Ал кейде барлық көркемдік құрылым (шығарманың жазылу тарихы) үшін жалпы маңызы бар ірі құбылыс маңында талдау жасау іске асырылады.

Шығарманы танып білудің тиімді тәсілі ретінде талдаудың поэтикалық мәтіндегі эпитет пен метафораны терең ұғынуды қолданып алып көрейік. Айтылып отырған шығарма мен оның авторында эпитеттің (немесе метафора) қандай ерекшелігі бар, көркем шығармада эпитет қандай рөл атқарғанын, соңында эпитет пен оны автор қолданысындағы көзқарасын, қандай поэтикалық қырларын айғақтайтынын жете аңғарамыз. Бұл жағдайда эпитетке формальды көзқарас деген болмайды. Эпитеттердің ерекшелігі тұрғысынан талдау жасау көркем мәтіннің, суреткердің ішкі әлеміне жасырын құпия-сырларына үніліп, өзіндік ерекше мәнін ашуға мүмкіндік береді. Былайша айтқанда, мәтінді осы тәсілмен талдау тұтас талдаудың

тапшырғына толық сәйкес келеді. Осы орайда классик акын І. Жансүгіровтың «Күй», «Күйші», «Құлагер» поэмаларындағы ондаған эпитет, метафора және теңеулерге мысал еске түсірсекте жетеді.

Негізінде кез-келген талдау өзінің алдында көркем туындының көрінбей жасырын тұрған жақтарына, тұңғышына бойлай түсуді мақсат етіп қойған жағдайда ғана ол проблемалық сипатқа ие болады. Зерттеуші суреткерді (авторды) зерделеп түсінуге, оның өзіндік болмысын дұрыс ашуға және өзгеге түсіндіруге тырысқан жағдайда әрқашан проблемалық сипатта болатыны сөзсіз. Өйткені, нағыз суреткер(автор) көбіне шығарма барысында жұмбақ күйінде болады. Себебі, ол өзінің шығармасында өткір проблемалық мәселелерді алға қояды да, шығармашылығының өзі әрқашан тарихи-әдебиеттік, эстетикалық мәндегі проблема ретінде түсіндіріледі. Проблемалық сипат әдебиетті тарихи, қоғамдық, психологиялық, эстетикалық және әсершілік жағынан танып білуге септігін тигізеді.

Назар аударылып отырған проблемалық және тұтастық талдаудың теориялық негізі нақты әдеби құбылысты талдау барысында көрініс табады. Бұл тұста талдау проблемалы да, тұтас та болуы керек. Олар бірін-бірі толықтырып отырады. Сөйтіп, проблемалы талдау – неғұрлым белсенді түрде танып білуге ғана емес, мүмкіндігінше кең түрде танып білуге шақыру тәсілі.

Талдау барысы бізді «дәл автор» ойымен ойлауға мәжбүр етуге тиісті емес. Рас, талдау барысында автордың көркемдік ойларын өз көңіліміздегідей сезіне, сана көрігінде қорықта отырып түсінуге тырысамыз, әрі оны акын-жазушының өзі суреттеп отырған құбылысты қаншалықты білетіндігімен, рухани тәжірибесімен салыстырамыз. Алайда көркем мәтінді танудың және қабылдаудың ара жігі, әрине, теңгерілмейді. Өйткені көркемдікті тану еш уақытта таусылмайды, бұл – аяқталмайтын процесс.

Оқыған шығарманы мазмұн мен пішін бірлігінде талдау – өзекті мәселе. Ол үшін эстетикалық талдау әдістерін проблемалы талдау, тақырыптық талдау, тұтас талдау, образ бойынша талдау әдістерін шығарманың жанрлық, көркемдік ерекшелігіне орай қолданған жөн. Шығарманың көркемдік ерекшелігі автордың тілі, сөз саптауы оның ой-өрісінің, талғам-өрісінің биіктігіне, білімі мен интеллектуалдық деңгейіне тікелей қатысты.

Көркем мәтінді оқыту, талдау ұстаздардан шеберлікті қажет етеді. Көркем мәтінді оқып, талдау кезінде мазмұн қуалап, қым-қиғаш кейіпкерлер әлеміне үніліп, шытырман оқиғалар тартысын баяндау тәсіліне ұрынып жататынымызды жасыруға болмайды. Көркем әдебиет «Адам өмірі туралы ғылымға» негізделіп жасалады. Сондықтан оны сауатты талдай білу және оқушылардың ой-сезіміне терең жеткізе білу үшін ұстаздан білгірлікті, үлкен теориялық шеберлікті қажет етеді.

Әдеби талдау кезінде «көркем туындыны, форма мен мазмұн бірлігіне сай талдай білу», «ойдың жүзеге асуында көркем кейіпкерлер қатынасының» өзіндік мәні зор екендігі әрбір қаһарманның өзіндік ерекшеліктеріне баса назар аудару туралы әр түрлі әдеби теориялық, әдістемелік еңбектерде айтылып жүр. Образ характерін мәтінге сүйене отырып ашу, оны оқушы зердесіне жеткізе білу – ең басты мәселе. Әдеббе көркем әдебиетті

талдаудағы негізгі объекті мен негізгі материал, шығарманың мазмұндық құрылымы әркімде әр түрлі. Дегенмен, 10-11 сыныпта оқылатын материалдардың күрделілігіне байланысты «тұтас талдау, проблемалы талдау, образдар бойынша талдау» тәсілдері қолданылып жүр. Ол оқушылардың біліміне, қиялдау деңгейіне де байланысты болады. Қалай болғанда да талданылатын көркем туындының мазмұны оқушыға таныс болуы тиіс. Б.Сманов «Кейіпкер бейнесін талдау» атты еңбегінде көркем бейнені талдауда ұстаздарға мынандай тәсілдерді ұсынады:

1. Кейіпкер портреті, іс-әрекеті, оның ішкі психологиясы жайлы автордың өз ойын білдіруі (автор сөзі);

2. Көркем бейнеге тән ерекшеліктерді өзге кейіпкерлерді сөйлету жолымен көрсетуі;

3. Әдеби бейне (кейіпкер) сөзін, ішкі толғаныстарын, ой-пікірін (монологін) келтіріп таныту;

4. Қаһармандар табиғатын оларды бір-біріне қарама-қарсы қою әдісімен (диалог, әңгімелестіру т.б.) ашуына қарай әдеби кейіпкер характерін таныту.

Кейіпкер портреті шығарма ішіндегі бір ғана оқиғамен ашыла салмайды. Автор айтып отырған қосалқы образдар шығармадағы басты қаһарманд ашуға себепші болатын образдар. Әрине олардың іс-әрекеті, психологиясы арқылы басты қаһарман образын толықтырады. Көркем мәтінде кейіпкер монологі, диалогі, не өзіндік ішкі толғанысы, іс-әрекеті оның көркем бейнесін, сонымен қатар, басты қаһарман арқылы автордың жеткізгісі келген авторлық позициясы(ұстанымын) анық байқауға болады.

Көркем мәтінді талдау жазушының тіл шеберлігін зерттей отырудың мәні зор. Шығарма тілін жазушы тілі және кейіпкерлер тілі деп бөлуге болады. Көркем мәтін тілінің мәні, атқаратын қызметі өте зор. Кейіпкер мінезін ашуда, бүкіл бітімін, ой-арманын, қиялын көрсетуде, оқиғаға қатысуын, ондағы алатын орнын анықтайтын да – көркем шығарма тілі. Тілдік ерекшеліктерді талдауда жазушының жекелеген сөз қолданыстары мен сөйлемдері контекстіне, түрлі бейнелегіш тәсілдері мен автордың өзіне тән баяндау мәнеріне назар аударылуы тиіс.

Шығармадан алынған әрбір көркем сөз, образды сөздер тізбегі оқушылардың ой-қиялына ерекше әсер ететін эстетикалық талғамнан өткен дүниелер болуы керек.

Әр образға талдау жасау, баға беру үстінде оқушы кейіпкер бейнесін оның өскен ортасымен, қоғамдық сипатына сай, сол дәуірмен байланыста айтып бере білуі шарт.

Әдеби талдаудың кейбір принциптері жайлы байыптауларымызды қорыға отырып, оның нақты үлгілерін алдағы бөлімдерде ұсынатымызды ескертеміз.

«КӨРКЕМ ШЫҒАРМАНЫ ТАЛДАУ (10-11 СЫНЫПТАР БОЙЫНША)» ФАКУЛЬТАТИВТІК КУРС БАҒДАРЛАМАСЫ

I. Кіріспе. Көркем мәтінді оқып үйренудің негізгі бағыттары мен әдістері (1 сағат)

Көркем мәтінді талдау шығармашылық жұмыстарды талап етеді. Қай көркем шығарманы оқыса да, оқырманның ол туралы өзіндік әсері, пікірі туындайды. Оқырман көркем туындыны өз дүниетанымы, сезімі, білім дәрежесіне байланысты қабылдайды. Әдеби талдаудың басты мақсаты – оқырманның өзіндік қабылдауларын, пікірін әдебиеттану ғылымының талабына сай ғылыми арнаға бағыттау болып табылады. Көпшілік оқытушылар талдамас бұрын, шәкіртімен сол туынды жайында арнаулы әңгіме, пікірлесу өткізеді, тіпті шағын әдеби айтысқа да жетелейді. Оның тиімділігі сол, оқытушы шәкіртінің көркем туындыны қалай қабылдағанын аңғартады, талдауда қандай мәселелерге назар аудару керек, соған бағыт-бағдар алады. Оқырманмен пікірлеспей, алдын ала олардың көркем туынды туралы (талданатын) ойлары, сезімдерін білмей, ескермей талдау жасау шәкіртті жаттандыққа, оқытушы мен оқулық пікірлерін қайталап айтушылыққа ұрындырады. Әдебиетші мұғалім алдындағы оқушыға оқырман деп қарап, оны оқырман ретінде тәрбиелеу керек. Әр бала – жеке тұлға. Ол – психологиялық жағынан болсын, дүниетанымы, білім жағынан болсын, бір-біріне ұқсамайтын жеке адам. Талдау, ең алдымен, міне, сол жеке адамның пікіріне де сүйенуі тиіс. Әдебиеттану ғылымы әдеби талдауда ең басты мына мәселелерге көңіл аудартады яғни ғылыми талдаудың негізгі принциптері мынадай: а) Көркем туындыдағы авторлық көзқарас; в) Көркем туындыдағы мазмұн мен форма бірлігі; б) Суреткердің көркем тәсілі, дүниетанымы, көзқарасы, олардың арасындағы байланысты ашу.

Әдеби талдауда осы принциптерді басшылыққа алу оқылып жатқан көркем туынды туралы, оның авторы туралы үстірт пікірлер мен жалған бағалардан сақтандырады. Әдеби талдаудың қай дәрежеде болуы мұғалімнің талдау әдіс-тәсілдерін қалай меңгергеніне де байланысты. Әрине, сөз жоқ, мұғалімнің терең әдеби білімі, кең ой-өрісі, көркем туындыны объективті түрде бар бітім-болмысымен қабылдай білу де талдауға әсер етеді. Талдауда композиция, сюжет, жазушы стилі, көркем туынды негізінде жатқан идея, оның көтерген мәселесі ерекше назарға алынады.

II. Абай шығармашылығы. «Сегіз аяқ», «Қалың елім қазағым, қайран жұртым» өлеңдері (2 сағат)

Қаламгер өзі түзіп отырған мәтінге бұрыннан өзіне таныс, таныс болғанда да оқырмандардың басым көпшілігі үшін эталон саналатын туындылардың түрлі деңгейдегі таңбасын кіргізіп, оның эмоционалдық, бағалауыштық, ассоциативтік, символдық әлеуеті арқылы алғашқы мәтінді еске түсіртеді және жаңа шығарманың семантикасын толықтырып, байытады. Көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау; шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын анықтап, бағалау; әдеби шығарманың композициялық ерекшеліктерін

талдау; шығармадағы көркемдегіш құралдардың орны мен қызметін талдау жасалынады.

III. Абайдың «Он екінші», «Он жетінші» кара сөздері (2 сағат)

Әр қаламгер интертекстуалды элементтерді өз интенциясына сай түрлі міндеттерді шешуге қолданады. Акын тарапынан, әдетте, мынадай максаттарда жұмсалады: а) өзі үлгілі, идеалды мәтін деп санаған көркем шығармамен ассоциация тудыру; ә) бағалау; б) этикеттік (қаламгердің претекст авторына, сол арқылы бүтіндей әдеби бағытқа немесе претекске қарым-қатынасы – эмпатикалық, бейтарап немесе ашық сын көзқарасы); в) айшықтау (өзінің немесе кейіпкерінің, персонажының ойын байланыстыру, сабақтау, дәлелдеу, қорытындылау, толықтыру, жалғастыру); г) аялық білімін, тілдік-мәдени құзіретін таныту. Мәтін ішінен авторлық ұстанымды талдайды.

IV. М.Сәрсекке «Қаныш Сәтбаев» роман эссесі (2 сағат)

Әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау арқылы идеялық мазмұнын түсіну; автор бейнесінің шығармадағы белгілі бір оқиғалағы көрінісін анықтау; шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын анықтап, бағалау әдістерін үйренеді.

V. А.Кемелбаева «Шашты» әңгімесі (1 сағат)

Шығарма жанрына, композициялық талдау жасауды; ұлттық құндылықтардың маңыздылығын контекстермен үндестіру; көркем шығармадағы көтерілген мәселелердің жаңашылдығын баға беру; кейіпкер болмысы мен автордың позициялық қырын анықтауды меңгереді.

VI. Т.Сұлтанбеков «Көшпелі алтын» (2 сағат)

Көркем шығармада көтерілген мәселелерге талдау жасау арқылы шығармашылық жұмыс (әңгіме, өлең, әдеби және еркін тақырыптарға шығарма) жазу; әдеби шығарманың жанрлық табиғатын тануды, психологиялық талдауға бағытталды.

VII. Оразакын Асқар «Шетте жүрген бауырларға» өлеңі (1 сағат)

Әдеби шығарманың композициялық ерекшеліктерін талдау; автор бейнесінің шығармадағы белгілі бір оқиғалағы көрінісін анықтау; көркемдегіш құралдарды тауып, талдап үйренеді;

VIII. Ш.Мұртаза «Бессудия хаты» (3 сағат)

Шығарманың тарихилық көркемдігін анықтау, кейіпкерлер болмысы мен авторлық болмысқа талдау жасауды меңгереді.

IX. О.Бөкей «Атау кере» повесі (2 сағат)

Әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау арқылы жанрлық ерекшелігін түсінеді; көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсетеді; көркем шығармадағы заман көрінісі мен қазіргі заман көрінісін салыстырып бағалайды.

X. Ж.Әбдірашев «Дала, сенің ұлыңмын!» поэмасы (2 сағат)

Әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау арқылы жанрлық ерекшелігін түсінеді; шығарма идеясы мен көркемдегіш құралдардың байланысын талдайды.

XI. Б.Мұқай «Өмірзия» романы (3 сағат)

Шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын анықтайды; көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсетеді; көркем шығармадағы заман көрінісі мен қазіргі заман көрінісін салыстырып бағалайды.

XII. М.Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясы «Қайтқанда», «Шытырман» тарауы (4 сағат)

Ұлттық құндылықтардың маңыздылығын ғаламдық тақырыптағы контекстермен байланыстырады; шығарманы көркемдік-эстетикалық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазады; әлем және қазақ әдебиетіндегі ортақ құндылықтардың үндестігін талдап үйренеді.

XIII. С.Сейфуллин «Сыр сандық» өлеңі (4 сағат)

Көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсетеді; шығармадағы көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарын қызметін талдай отырып, автор стилін анықтайды.

XIV. С. Елубай «Жалған дүние» романы (4 сағат)

Әдеби шығарманың сюжеттік-композициялық құрылысын талдау арқылы көтерілген ғалымдық мәселелерді терең түсінеді; автор бейнесінің шығарманың негізгі идеясымен байланысын айқындайды.

XV. Т.Әсемқұлов «Бекторының қазынасы» әңгімесі (3 сағат)

Әдеби шығармадағы көтерілген мәселелерді қазіргі өмірмен байланыстырып, ұлттық мүдде тұрғысынан ашуды, көркем шығармадағы ғаламдық тақырыптарға креативті ой қосып, шығармашылық жұмыс (эссе, әңгіме, өлең, әдеби және еркін тақырыптарға шығарма) жазуды меңгереді.

10-11 СЫНЫПҚА АРНАЛҒАН ОРТА МЕРЗІМДІ САБАҚ ЖОСПАРЫ

№	Сабақтың тақырыбы	Оқыту мақсаттары	Оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер	Үйрену мақсатында бағаны қоса бағалау	Негізгі дерек көздер	Сағат саны
1	Кіріспе. Көркем мәтінді оқып үйренудің негізгі бағыттары мен әдістері	Жаңа білімді мұғалім көмегімен меңгереді. Топтық, жұптық, жеке орындауға берілген ресурстармен жұмыс жасайды	АКТ-ны қолдану, оқушылардың ақпаратты өз бетінше оқып білу, топта талқылауы, жобаны ұсыну	Қалыптастырушы бағалау парақшалары	Көркем мәтін талдауға қатысты А.Байтұрсынұлы, З.Қабдолов еңбектері	1
2	Абай шығармашылығы. «Сегіз аяқ» өлеңі	Көркем шығармадағы қоғам бейнесін жинақтау мен даралау; шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын анықтап, бағалайды;	Интербелсенді әдістер, сұрақ-жауап әдістері арқылы пікір алмасып, өз ойларын білдіреді	Кері байланыс әдісі. Бағалау флипчарты	Абай шығармалары Р.Сыздықова «Сөздер сөйлейді» кітабы	1
3	Абай шығармашылығы. «Қалың елім қазағым, қайран жұртым» өлеңі	Әдеби шығарманың композициялық ерекшеліктерін талдау; шығармадағы көркемдегіш құралдардың орны мен қызметін талдау жасалынады.	«Пирамидалық талқылау» әдісі арқылы топтар мәтіннің ішінен көркемдегіш құралдарды тауып, мағынасын анықтайды.теңеу, эпитет, гипербола, риторикалық сұрақ, т.б.	Кері байланыс әдісі. Бағалау флипчарты	Абай шығармалары. Р.Сыздықова «Сөздер сөйлейді» кітабы	1
4	Абайдың «Он екінші» қара сөзі	а) Өзі үлгілі, идеялы мәтін деп санаған көркем шығармамен ассоциация тудыру; ә) бағалау; б) этикеттік көзқарас қалыптастыру; в) айшықтау арқылы кейінкерлер ой қорыту;	«Ақыл-ойға шабуыл» әдісі арқылы ақпаратты талдауға, ақпаратпен жұмыс жасауға бағытталады	Қалыптастырушы бағалау парақшалары	Абай Құнанбайұлының қара сөздері	1

		г) аялық білімін, тілдік-мәдени құдіретін таныту.				
5	Абайдың «Он жетінші» қара сөзі	а) Өзі үлгілі, идеялы мәтін деп санаған көркем шығармамен ассоциация тудыру; б) бағалау; в) этикеттік көзқарас қалыптастыру; г) айшықтау арқылы кейіпкерлер ой қорыту.	«Ақыл-ойға шабуыл» әдісі арқылы ақпаратты талдауға, ақпаратпен жұмыс жасауға бағытталады	Қалыптастырушы бағалау парақшалары	Абай Құнанбайұлының қара сөздері	1
6	М.Сәрсек «Қаныш Сәтбаев» роман эссесінің композициялық кыры	Әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау арқылы идеялық мазмұнын түсіну; автор бейнесінің шығармадағы белгілі бір оқиғадағы көрінісін анықтайды.	«Аялдама» әдісі арқылы шығарманың композициялық құрылысына талдау жасайды	Кері байланыс әдісі. Бағалау флипчарты	А.Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш», М.Сәрсек «Қаныш Сәтбаев»	1
7	М.Сәрсек «Қаныш Сәтбаев» роман эссесіндегі тарихи құндылықтар	Шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын анықтап, бағалау әдістерін үйренеді.	«Ақыл-ойға шабуыл» әдісі арқылы ақпаратты талдауға, ақпаратпен жұмыс жасауға бағытталады	Кері байланыс әдісі. Бағалау флипчарты	А.Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш», М.Сәрсек «Қаныш Сәтбаев»	1
8	А.Кемелбаева «Шапты» әңгімесі	Шығарма жанрына композициялық талдау жасауды; ұлттық құндылықтардың маңыздылығын контекстермен үндестіру; көркем шығармадағы көтерілген мәселелердің жаңашылдығына баға беру; кейіпкер болмысы	«Сұхбат алу» әдісімен шығармадағы жағымды немесе жағымсыз кейіпкерлерді тақырып, сұхбат алады.	Кері байланыс әдісі. Бағалау флипчарты	З.Қабдолов «Сөз өнері», А.Кемелбаева туындылары	1

		мен автордың поэзиялық қырын анықтауды меңгерелі.				
9	Т.Сұлтанбеков «Көшпелі алтын» туындысына композициялық талдау	Көркем шығармада көтерілген мәселелерге талдау жасау арқылы шығармашылық жұмыс (әңгіме, өлең, әдеби және еркін тақырыптарға шығарма) жазу;	«2 сұрақ- 2 жауап» тәсілі арқылы мұғалім тақтаға шығармада кездесетін әдеби теориялық ұғымдардың атаулары жазылған қағаздарды жапсырады. Оқушылар бөлімге қабырғаларында ілініп тұрған сөздер мен тіркестерді тақтадағы ұғымның астына іледі.	Кері байланыс әдісі. Бағалау флипчарты	Қ.Жұмалиев «Әдебиет теориясы», Т.Сұлтанбеков «Көшпелі алтын»	1
10	Т.Сұлтанбеков «Көшпелі алтын» туындысындағы кейіпкерлер жүйесі	Әдеби шығарманың жанрлық табиғатын тануды, психологиялық талдауға бағытталды.	«Концептуалдық кестемен» жұмыс әдісі арқылы ақпаратты жинақтайды	Кері байланыс әдісі. Бағалау флипчарты	Қ.Жұмалиев «Әдебиет теориясы», Т.Сұлтанбеков «Көшпелі алтын»	1
11	Оразақын Асқар «Шетте жүрген бауырларға» өлеңі	Әдеби шығарманың композициялық ерекшеліктерін талдау; автор бейнесінің шығармалағы белгілі бір оқиғадағы көрінісін анықтау; көркемдегіш құралдарды талдап үйренелі.	«Ойбөліс» әдісі арқылы мәтін талдаудағы қиындықтарда топпен бірлесіп отырып жеңе алады	Кері байланыс әдісі. Бағалау флипчарты	З.Қабдолов «Сөз өнері», Оразақын Асқар «Қорқыт әлеміне саяхат» өлеңдер жинағы	1
12	Ш.Мұртаза «Бесеудің хаты» туындысын тарихи тұрғыда талдау	Шығарманың тарихилық көркемдігін анықтау.	«Ойталқы» әдісі арқылы еркін қарым-қатынас жағдайында өз ойын еркін айтуға үйренелі	Кері байланыс әдісі. Бағалау флипчарты	Қ.Алпысбаев «Көркем шығарманы талдау жолдары», Ш.Мұртаза «Бесеудің хаты»	1

13	Ш.Мұртаза «Бесеудің хаты» туындысындағы образдар жүйесі	Кейіпкерлер болмысы мен авторлық болмысқа талдау жасауды меңгереді.	«Жұттық сұхбат» әдісі арқылы ақпаратты талдауға, ақпаратпен жұмыс істеуге бағытталады	Кері байланыс әдісі. Бағалау флипчарты	М.С.Оразбек «Авторлық позиция», Ш.Мұртаза «Бесеудің хаты»	
14	Ш.Мұртаза «Бесеудің хаты» көркемдік ерекшелігі	Туындыдағы авторлық жеке сөздік қолданысына, диалог пен монологтердің ролін меңгереді	«Бинго 101» әдісі арқылы сабаққа байланысты тенеу, эпитет, гипербола және ауыспалы мағынадағы сөздер немесе сөйлемдерді тауып үйренеді	Кері байланыс әдісі. Бағалау флипчарты	Г.Сұмағұлова «Көркем мәтін лингвистикасы», Ш.Мұртаза «Бесеудің хаты»	1
15	О.Бөкей «Атау кере» повесінің көркемдік ерекшелігі	Әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау арқылы жанрлық ерекшелігін түсінеді;	«Ақыл-ойға шабуыл» әдісі арқылы ақпаратты талдауға, ақпаратпен жұмыс жасауға бағытталады	Қалыптастырушы бағалау парақшалары	Р.Сыздық «Сөз күдіреті», Ж. Айтмұхамбетов «О.Бөкей прозасындағы мифологиялық мәселесі»	1
16	О.Бөкей «Атау кере» повесіндегі кейіпкерлер әлемі	Көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсетеді; көркем шығармадағы заман көрінісі мен қазіргі заман көрінісін салыстырады.	«Креативті жазу» әдісі арқылы оқушылар шығармадан бас кейіпкерді немесе бір оқиға кезеңін алып, ХХІ ғасырға сәйкес етіп қайтадан жазады	Қалыптастырушы бағалау парақшалары	З.Қабдолов «Сөз өнері», Ержанова Г. «Қазіргі қазақ повестеріндегі психологиялық мәселелері»	1
17	Ж.Әбдірашев «Дала, сенің ұлыңмын!» поэмасының көркемдік қуаты	Әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау арқылы жанрлық ерекшелігін түсінеді.	«Әдеби шеңбер» әдісі бойынша топ мүшелерінің әрқайсысына тапсырма беріледі	Кері байланыс әдісі. Бағалау флипчарты	З.Қабдолов «Сөз өнері», Қ.Алпысбаев «Көркем шығарманы талдау жолдары»	1
18	Ж.Әбдірашев «Дала,	Шығарма идеясы мен көркемдегіш құралдардың	«2 сұрақ- 2 жауап» тәсілі арқылы мұғалім тақтаға	Кері байланыс әдісі.	З.Қабдолов «Сөз өнері», Г.Сұмағұлова	1

	сенің ұлыңмын! » поэмасын ың поэтикас ы	байланысын талдайды.	шығармада кездесетін әдеби теориялық ұғымдардың атаулары жазылған қағаздарды жансырады. Оқушылар бөлме қабырғаларында ілініп тұрған сөздер мен тіркестерді тақтадағы ұғымның астына іледі.	Бағалау флипчарты	«Көркем мәтін лингвистикасы»	
19	Б.Мұқай «Өмірзия » романын дағы авторлық позиция	Шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын анықтау.	«Үшқыр ойлар кілемі» әдісі арқылы шығарма композициялық тылдан, бүтінгі қоғаммен байланысын анықтайды.	Кері байланыс әдісі. Бағалау флипчарты	З.Қабдолов «Сөз өнері», М.С.Оразбек «Авторлық позиция»	1
20	Б.Мұқай «Өмірзия » романы кейіпкерл ер келбеті	Көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсету.	«Автормен сырласу хаты» әдісінде оқушылар шығарма кейіпкері көзқарасы тұрғысынан хат жазады	Кері байланыс әдісі. Бағалау флипчарты	Қ.Жұмалиев «Әдебиет теориясы», Б.Мұқай «Өмірзия» романы	1
21	Б.Мұқай «Өмірзия » романын дағы заман шындығы	Көркем шығармадағы заман көрінісі мен қазіргі заман көрінісін салыстырып бағалай талдау.	«TED әңгімелері» оқушыларға сабақтың тақырыбына қатысты 3-5 минуттық TED әңгімелерін (talks) жеке немесе топтарда дайындау тапсырылады	Кері байланыс әдісі. Бағалау флипчарты	Қ.Жұмалиев «Әдебиет теориясы», Б.Мұқай «Өмірзия» романы	1
22	М.Әуезов «Абай жолы» роман- эпопеясы «Қайтқан да» тарауы	Ұлттық құндылықтардың маңыздылығын ғаламдық тақырыптағы контекстермен байланыстырады.	«Тарихи мазмұнды зерттеу» мұқалім сыныпты 2 топқа бөлу арқылы Абайдың ауылы туралы, белгілі тұлғаларды суреттейді	Кері байланыс әдісі. Бағалау флипчарты	Г.Пираниена еңбектері, М.Әуезов «Абай жолы»	1
23	М.Әуезов «Абай	Шығарманы көркемдік-	«Пирамидалық талқылау» әдісі	Кері байланыс	Р.Сыздықова «Абай	1

	жолы» роман- эпопеясы «Қайтың- да» тарауы	эстетикалық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазады.	арқылы тон-тар мәтіннің ішінен көркемдегіш құралдарды тауып, мағынасын анықтайды: тенеу, эпитет, гипербола, риторикалық сұрақ, т.б.	әдісі. Бағалау флипчарты	шығармаларының тілі», М.Әуезов «Абай жолы»	
24	М.Әуезов «Абай жолы.» «Шытыр манда» тарауы	Шығармадағы драматизм, лиризмнің көрінісін талдап үйренеді.	«Кейіпкерлерге портреттік мінездеме» әдісі арқылы сабақ мақсаттын ашады	Кері байланыс әдісі. Бағалау флипчарты	Б.Майтанов еңбектері, М.Әуезов «Абай жолы»	1
25	М.Әуезов «Абай жолы» роман- эпопеясы «Шытыр манда» тарауы	Әлем және қазақ әдебиетіндегі ортақ құндылықтардың үйлестігін талдап үйренеді.	«Маңызды пирамида» әдісімен әдебиеттегі ортақ құндылықтарды қалыптастырады	Кері байланыс әдісі. Бағалау флипчарты	З.Қабдолов «Сөз өнері», М.Әуезов «Абай жолы»	1
26	С.Сейфул- лин «Сыр сандық» өлеңінің көркемді- к сипаты	Көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсетеді.	«Шағын әңгімелерден алған әсерім» әдісімен өз ойын өлеңмен не хат түрінде жеткізеді	Кері байланыс әдісі. Бағалау флипчарты	А.Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш», С.Сейфуллин туындылары	1
27	С.Сейфул- лин «Сыр сандық» өлеңінің көркемді- к сипаты	Көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсетеді.	«Концептуалдық кестемен» жұмыс әдісі арқылы ақпаратты жинақтайды	Кері байланыс әдісі. Бағалау флипчарты	А.Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш», С.Сейфуллин туындылары	1
28	С.Сейфул- лин «Сыр сандық» өлеңінің поэтикасы	Шығармадағы көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарын қызметін талдай отырып, автор стилін анықтайды.	«СӨЗ МАҒЫНА» әдісімен мұғалім шығарма тілімен жұмыс жасатады	Кері байланыс әдісі. Бағалау флипчарты	Смағұлова Г. «Көркем мәтінді лингвистикалық талдау», С.Сейфуллин туындылары	1
29	С.Сейфул- лин «Сыр сандық» өлеңінің поэтикасы	Шығармадағы көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарын	«Бағытталған мәтінмен жұмыс» әдісі арқылы мәтіндегі лирикалық	Кері байланыс әдісі. Бағалау флипчарты	Смағұлова Г. «Көркем мәтінді лингвистикалық талдау», С.Сейфуллин	1

	ы	қызметін талдай отырып, автор стилін анықтайды.	кейіпкер бейнесі мен оның тұлғалық ерекшелігін танытатын маңызды үлгілерді әртүрлі түсті маркерлермен белгілейді		туындылары	
30	С. Елубай «Жалған дүние» романын жанрлық ерекшелігі	Әдеби шығарманың сюжеттік-композициялық құрылысын талдау арқылы көтерілген ғылымдық мәселелерді терең түсінеді.	«Шатасқан оқиғалар» әдісі (Тансырманың шарты: шатасқан оқиғаларды рет-ретімен қою)	Қалыптастырушы бағалау парақшалары	Сұлтанғалиева Р.Б., Мұхамбетжанова Г.Ө. «С.Елубай прозасы: ұлт тарихы, ұлттық болмыс, ұлттық характер және суреткерлік шеберлік».	1
31	С. Елубай «Жалған дүние» романындағы авторлық болмыс	Автор бейнесінің шығарманың негізгі идеясымен байланысын айқындайды.	«Авторға хат» әдісі арқылы оқушылар көркем мәтіннен туындаған сауалдары мен сезімдерімен бөліседі	Қалыптастырушы бағалау парақшалары	Сұлтанғалиева Р.Б., Мұхамбетжанова Г.Ө. «С.Елубай прозасы: ұлт тарихы, ұлттық болмыс, ұлттық характер және суреткерлік шеберлік», С.Елубай «Ақбоз үй»	1
32	С. Елубай «Жалған дүние» романын жанрлық ерекшелігі	Шығармадағы көркемдік құралдар мен айтықтау амалдарын қызметін талдай отырып, автор стилін анықтайды.	«Маңызды үштік» әдісімен оқушылар тақырып бойынша ең маңызды деп санаған терминдерді немесе сойлемдерді, жағдайларды анықтап, шығармадан алған әсерін талдай отырып, сыни хабарлама жазады.	Қалыптастырушы бағалау парақшалары	Сұлтанғалиева Р.Б., Мұхамбетжанова Г.Ө. «С.Елубай прозасы: ұлт тарихы, ұлттық болмыс, ұлттық характер және суреткерлік шеберлік», С.Елубай «Ақбоз үй»	1
33	С. Елубай «Жалған дүние» романындағы Хансұлу мен Едіге образы	Көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен таралау арқылы өмір шындығын көрсетеді.	«Ыстық орындыққа» туындыдағы кейіпкер образы болып сұраққа жауап береді	Қалыптастырушы бағалау парақшалары	Сұлтанғалиева Р.Б., Мұхамбетжанова Г.Ө. «С.Елубай прозасы: ұлт тарихы, ұлттық болмыс, ұлттық характер және	1

					суреткерлік шеберлік», С.Елубай «Ақбоз үй»	
34	Т.Әсемқұлов «Бекторының қазынасы» әңгімесіндегі ұлттық мүдде	Әдеби шығармадағы көтерілген мәселелерді қазіргі өмірмен байланыстырып, ұлттық мүдде тұрғысынан ашып талдайды.	«Ақыл-ой картасы» әдісімен сұрақ қою арқылы ақпаратты анықтайды	Кері байланыс әдісі. Бағалау флипчарты	З.Қабдолов «Сөз өнері», Т.Әсемқұлов «Бекторының қазынасы»	1
35	Т.Әсемқұлов «Бекторының қазынасы» әңгімесінің көркемдік сипаты	Көркем шығармадағы ғаламдық тақырыптарға креативті ой қосып, шығармашылық жұмыс (эссе, әңгіме, өлең, әдеби және еркін тақырыптарға шығарма) жазуды меңгереді.	«Джиксо» стратегиясы бойынша әңгіме мазмұнымен таныстырып, тақырыбы мен идеясын ашады	Кері байланыс әдісі. Бағалау флипчарты	Қ.Алпысбаев «Көркем шығарманы талдау жолдары», Т.Әсемқұлов «Бекторының қазынасы»	1
36	Т.Әсемқұлов «Бекторының қазынасы» әңгімесіндегі образдар жүйесі	Көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсетеді.	«Өзектілік аймағы» әдісі арқылы тілдік ерекшеліктеріне талдау жасайды	Кері байланыс әдісі. Бағалау флипчарты	М.С.Оразбек «Көркем прозадағы шығармашылық тұлға мен авторлық позицияның арақатынасы»	1

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – Алматы, 2013. – 207 б.
2. Акшұлақовтың Т. Көркем шығарманың эстетикалық табиғатын таныту. – Алматы, 1975. – 250 б.
3. Акшұлақовтың Т. Шығарманың көркем айшықтарын талдау. – Алматы, 1994. – 224 б.
4. Сманов Б. Кейіпкер бейнесін талдау. – Алматы, 1990. – 191 б.
5. Сыздық Р. Сөз күдіреті. – А.: Санат, 1997.
6. Сыздық Р., Шалабай Б., Әділова А. Көркем мәтінді лингвистикалық талдау. – А.: Ғылым, 2002. – 184 б.
7. Шалабай Б. Қосымова Г. Көркем мәтінді лингвистикалық талдау. Бағдарлама. – А., 2002.
8. Исаев С.М. Көркем шығарма тілі және оны түйсіну мен түсіндіру мәселесі // Көркем шығарма тексін талдаудың мәселелері. Ғылыми-теориялық конференция материалдары. – А., 1993. – 3-4 бб.
9. Оразбаева Ф.Ш. Көркем тексті интенсивті оқыту ерекшеліктері // Көркем шығарма тексін талдаудың мәселелері. Ғылыми-теориялық конференция материалдары. – А., 1993.
10. Көлбаева Ж.С. Мәтін – басты синтаксистік, психолінгвистикалық тұлға. Білім беру және ғылым: даму көкжиегі. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. 26 наурыз, 2010 жыл. – А., 2010. – 83-85 бб.
11. Шалабаев Б. Көркем шығарма тілі және оны мектепте оқыту. – Алматы, 1982. – 100 б.
12. Бабенко Л.Г., Васильев И.Е., Казарин Ю.В. Лингвистический анализ художественного текста. – Екатеринбург, 2000.
13. Ахметова М.К. Суреттеу мәтінінің құрылымы. Автореф. канд. фило. наук. – А., 2002. – 27 б.
14. Бітібаева Қ. Әдебиетті тереңдетіп оқыту. – А., 2003.
15. Жұмажанова Т. Әдебиеттен кластан тыс жұмыстарды ұйымдастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері. – А., 1995.